

^{*1} Мәсімханұлы Д.  ² Кудьяров Б.Б. 

^{1,2} Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан

² Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹duken.masimhan@gmail.com, ²baburbek.kudyarov@gmail.com

ШЫҒЫС ПЕН БАТЫС ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖҮЙЕЛЕРІНДЕГІ «ЖҰМСАҚ КҮШ»: ҚЫТАЙЛЫҚ МОДЕЛЬГЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Аңдатпа. «Жұмсақ күш» ұғымы Батыс жоғары білім жүйесінде ұзақ тарихи-мәдени трансформация нәтижесінде қалыптасып, әр кезеңде әртүрлі мазмұндық сипат алды. Батыс жоғары біліміндегі жұмсақ күштің негізгі даму кезеңдерін сипаттау оның «мәдени билік», «құндылықтарды тарату», «стандарттық келісім», «білім орталығы» және «өлшемдерді белгілеу» ретіндегі функцияларын талдау, Қытай жоғары білім жұмсақ күшінің мазмұндық құрылымын анықтау және оның халықаралық білім кеңістігіндегі ықпалын бағалау зерттеу жұмысының міндеттері болып табылады. Зерттеу әдістері ретінде жүйелік талдау, салыстырмалы тарихи талдау және құрылымдық-функционалдық тәсілдер қолданылды. Бұл әдістер Батыс және Қытай жоғары білім модельдерінің дамуын кешенді түрде салыстыруға мүмкіндік берді. Зерттеудің жаңалығы – Қытайдың жоғары білім жұмсақ күшін тек мәдени ықпал ретінде емес мәдени тартымдылық, институционалдық инновация, сапалық бәсекеге қабілеттілік және халықаралық ықпалдан тұратын кешенді құрылым ретінде қарастыруында. Сонымен қатар, Батыс моделінің гегемониялық сипатына балама ретінде ұлттық ерекшелікке негізделген Қытайлық модельдің теориялық негізі ұсынылады. Батыс жоғары біліміндегі жұмсақ күштің тарихи тұрғыдан әмбебап стандарттарды қалыптастыру және кеңеюге бағытталғаны зерттеу нәтижесі болып табылады. Ал Қытай моделі ұлттық ерекшелікке сүйене отырып, өзіндік институционалдық жүйе қалыптастырғаны анықталды. Қытайдың жоғары білім жұмсақ күші әлемдік білім беру жүйесіне жаңа даму үлгісі мен бағыттарын ұсынатын маңызды фактор екені дәлелденді.

Кілт сөздер: жоғары білім, білім беру өркениеті, жұмсақ күш, мәдени тартымдылық, институционалдық инновациялық қабілет, сапалық бәсекеге қабілеттілік, халықаралық ықпал.

Кіріспе

Білім беру жүйесінің эволюциясы мен даму үдерісіне назар аударсақ «жұмсақ күш» жоғары білім жүйесінің маңызды қозғаушы факторларының бірі ретінде айқын көрінеді. Жоғары білімдегі жұмсақ күш мемлекеттің жалпы кешенді қуатын танытатын маңызды көрсеткіш болып табылады және ол жоғары білім саласындағы мәдени тартымдылықты, институционалдық инновациялық қабілетті, сапалық бәсекеге қабілеттілікті және халықаралық ықпалды кешенді түрде бейнелейді. «Жұмсақ күш» (soft power) ұғымын алғаш рет АҚШ-тың Гарвард университетінің халықаралық қатынастар профессоры Джозеф Най ғылыми айналымға енгізді. (Nye, 2005:14). Бастапқыда бұл тұжырымдама халықаралық қатынастар теориясы аясында қалыптасып кейіннен білім беру саласында кеңінен таралып, мемлекеттердің ықпал ету механизмдерін жаңа қырынан түсіндіруге мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде білім беру тек академиялық сала ғана емес, сонымен қатар мәдени және стратегиялық ықпал құралы ретінде қарастырыла бастады.

Батыс жоғары білім жүйесінің тарихи дамуында «жұмсақ күш» мәдени және құндылықтық ықпал құралы ретінде ерекше рөл атқарып, жаһандық білім беру кеңістігінде стандарттар мен нормаларды қалыптастыруға ықпал етті. Университеттердің беделі, ғылыми зерттеу жүйесі және білім беру модельдері арқылы Батыс елдері өздерінің интеллектуалдық

және мәдени ықпалын кеңейтті. Алайда бұл ұғым Қытайдың жоғары білім жүйесіне енгеннен кейін жергілікті ерекшелікке бейімделіп, ұлттық даму логикасына сәйкес жаңа мазмұндық сипатқа ие болды. Қытай тәжірибесінде «жұмсақ күш» мәдени тартымдылық, институционалдық инновация, бәсекеге қабілеттілік және халықаралық ықпал сияқты негізгі компоненттер арқылы қалыптасты. Бұл модель ықпал ету жүйесінің ішкі және сыртқы негізін салды. Осыған байланысты халықаралық жоғары білім дамуының қазіргі кезеңін ескере отырып бұл мақала «жұмсақ күш» ұғымын негізгі зерттеу өзегі ретінде қарастырып оның Батыс үлгісіндегі эволюциясы мен Қытай тәжірибесіндегі инновациялық трансформациясын салыстырмалы түрде талдауға бағытталады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Тақырыпты зерттеу нәтижелеріне қол жеткізу үшін салыстырмалы тарихи талдау әдісі Батыс жоғары біліміндегі жұмсақ күштің эволюциялық кезеңдерін және Қытай жоғары білім жүйесіндегі трансформациялық өзгерістерді салыстыра зерттеуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар құрылымдық-функционалдық әдіс жоғары білім жұмсақ күшінің ішкі құрылымы мен оның әлеуметтік, мәдени және институционалдық қызметтерін анықтау үшін пайдаланылды.

Зерттеуде мазмұндық талдау (контент-талдау) әдісі де қолданылып, ғылыми еңбектер, халықаралық зерттеулер, ресми құжаттар мен теориялық тұжырымдамалар жүйелі түрде сараланды. Әсіресе Джозеф Найдың «жұмсақ күш» теориясына қатысты еңбектері, Батыс жоғары білім жүйесіне арналған зерттеулер, Қытайдың жоғары білім саясаты жөніндегі ғылыми мақалалар және халықаралық білім беру ұйымдарының материалдары негізгі дереккөз ретінде пайдаланылды.

Зерттеу материалдары ретінде жоғары білімнің жұмсақ күші мәселесіне арналған шетелдік және қытайлық ғылыми әдебиеттер, халықаралық білім беру бағдарламалары жөніндегі құжаттар, университеттік саясат пен жоғары білімді интернационалдандыруға қатысты ресми деректер қолданылды. Сонымен бірге Еуропалық жоғары білім кеңістігі, Болон үдерісі, халықаралық академиялық алмасу бағдарламалары және Қытайдың жоғары білімді дамыту стратегиясына қатысты материалдар зерттеу нысаны ретінде қарастырылды.

Осы әдістер мен материалдардың кешенді қолданылуы жоғары білімдегі жұмсақ күштің мазмұндық ерекшеліктерін терең талдауға және Қытай моделінің инновациялық сипатын айқындауға мүмкіндік берді.

Талқылау

Батыс жоғары білім беру өркениетінде «Жұмсақ күш» ұғымы әртүрлі тарихи, мәдени және саяси күрделі өзгерістерге ұшырады. Халықаралық көзқарас тұрғысынан қарағанда Батыс жоғары білімінің жұмсақ күші «білім беру орталығы», «білім дипломатиясы», «мәдени дипломатия» және «академиялық гегемония» ретіндегі жоғары білімнің жұмсақ күші сияқты мазмұндық түсіндірулер мен мағыналық өзгерістерді бастан өткерді. Түпкі Батыс елдерінің жоғары білімдегі «жұмсақ күш» ұғымына берген мағынасына назар аударатын болсақ, жоғары білім беру жүйесі тек білім беру институты ретінде ғана емес, сонымен қатар халықаралық ықпал етудің мәдени құндылықтарды таратудың және саяси мүдделерді жүзеге асырудың маңызды құралы ретінде қарастырылады. Осыған сәйкес жоғары білімнің жұмсақ күші алғашында академиялық және білім беру кеңістігінің ішкі мүмкіндіктерімен шектелсе кейіннен оның сыртқы ықпал ету әлеуеті күшейіп, халықаралық деңгейдегі мәдени, идеологиялық және саяси ықпал тегігіне айналды. (Nye, 2006:5-11).

Батыс мемлекеттері жоғары білім жүйесі арқылы өздерінің ғылыми стандарттарын, мәдени құндылықтарын және саяси ұстанымдарын жаһандық деңгейде таратуға ұмтылды. Әсіресе халықаралық студенттер алмасуы, академиялық мобильділік, ғылыми гранттар мен рейтингтік жүйелер Батыстың жоғары білім кеңістігін дамытуда үлкен рөл ойнады. Бұл үдеріс жоғары білімнің тек ағартушылық қызметімен ғана шектелмей, халықаралық қатынастардағы

«білім дипломатиясының» маңызды элементіне айналғанын көрсетеді. (Altbach, Knight, 2007:290-305).

Жоғары білімнің жұмсақ күш ретіндегі тарихи трансформациясының функционализм теориясы аясында Батыс елдерінің жаһандық ықпалын кеңейту стратегиясымен тығыз байланысты. Функционалистік көзқарас бойынша, жоғары білім қоғамның саяси, экономикалық және мәдени қажеттіліктерін қамтамасыз ететін әлеуметтік институт ретінде қарастырылады. Сондықтан Батыс жоғары білім жүйесінің халықаралық деңгейде таралуы тек академиялық интеграция үдерісі емес сонымен қатар жаһандық үстемдік пен академиялық гегемонияны қалыптастырудың құралы ретінде сипатталады (Marginson, 2008:303–315).

Батыс қоғамында жоғары білімнің жұмсақ күші «мәдени беделдің» маңызды құралы ретінде қарастырылады. Ол мемлекеттердің өз мәдениетін халықаралық деңгейде таратуы мен трансляциялауы арқылы дамушы елдерге мәдени ықпал жүргізудің және мәдени отарлау саясатын жүзеге асырудың тетігіне айналды. Әсіресе постколониялық кезеңде дамыған мемлекеттер өздерінің жоғары білім саласындағы мәдени басымдығын пайдалана отырып жоғары білім беру жүйесінің құндылықтарын, академиялық стандарттарын және идеологиялық ұстанымдарын дамушы елдерге біртіндеп енгізді. Осылайша жоғары білім халықаралық аренада мәдени үстемдік орнатудың маңызды механизмі ретінде қызмет атқарды.

Америкалық зерттеуші Джозеф Най жұмсақ күштің негізгі үш ресурсын атап көрсетеді: мәдениет, саяси құндылықтар және сыртқы саясат. Оның пікірінше, мемлекеттің жоғары білім жүйесі осы үш ресурстың барлығын да өз бойында біріктіре алады (Nye, 2005:14). Қатты күш әскери немесе экономикалық қысым арқылы ықпал етсе, жұмсақ күш мәдени тартымдылық пен құндылықтар арқылы әсер етуге негізделеді. Осы тұрғыдан алғанда Батыстың жоғары білім жүйесі мәдени гегемонияның құралы ретінде әртүрлі елдердің білім беру кеңістігіне ықпал жасап, өзінің академиялық моделін жаһандық деңгейде таратуға ұмтылды. Мысалы: АҚШ «Маршалл жоспары» кезеңінен бастап жоғары білімді өзінің халықаралық мәдени ықпалын күшейтудің маңызды тетігі ретінде пайдаланды. Әсіресе XX ғасырдың 80-жылдарынан бастап дамушы мемлекеттерге жоғары білімді интернационалдандыру, жаһандану, неолиберализм және жоғары білім нарығын капиталдандыру идеяларын белсенді түрде насихаттай бастады. Бұл АҚШ-тың жоғары білім саласындағы мәдени үстемдігін нығайтуға бағытталды (Altbach, 2004:5–18). Жоғары білімнің жұмсақ күш ретіндегі қалыптасуы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Еуропа кезеңімен де байланысты. 1958–1988 жылдары кеңестік азаматтардың бір бөлігі ресми академиялық алмасу бағдарламалары арқылы АҚШ-қа барып, білім және ғылыми тәжірибе алмасты (Richmond, 2003:22–27). Сонымен қатар Еуропалық экономикалық қауымдастықтың құрылуымен академиялық мобильділік үдерісі жедел дамып, XX ғасырдың 80-жылдарында «Эразмус» бағдарламасының пайда болуына негіз болды. Бұл бағдарлама Еуропа кеңістігіндегі жоғары білім беру саласындағы ынтымақтастық пен академиялық алмасуды айтарлықтай күшейтті. АҚШ та халықаралық ғалымдар мен студенттерді тарту арқылы академиялық алмасудың тиімді платформаларын қалыптастырып өз жоғары білім жүйесінің халықаралық тартымдылығын арттырды.

Сондықтан Батыстың жоғары білімдегі жұмсақ күші «мәдени трансформация күші» ретінде де қарастырылады. Яғни Батыс мемлекеттері жоғары білімнің мәдени тартымдылығын, интеграциялық әлеуетін және идеологиялық ықпалын күшейту арқылы өздерінің мәдени үстемдігін қалыптастыруға ұмтылды. Бұл үдеріс жоғары білім жүйесі арқылы ортақ құндылықтарды, академиялық стандарттарды және мәдени бірегейлікті таратуға негізделді. Мысалы: Еуропалық жоғары білім кеңістігінің (European Higher Education Area – ENEA) құрылуы еуропалық жоғары білімнің мәдени жұмсақ күшін қалыптастыруға бағытталды. Бұл бастама 1997 жылы қабылданған «Еуропа аймағындағы жоғары білім біліктіліктерін тану туралы конвенциядан» бастау алып, Еуропаның халықаралық білім беру кеңістігіндегі мәдени беделі мен академиялық ықпалын күшейтуді мақсат етті (Wächter,

2004:266–270). Осылайша Батыс елдеріндегі жоғары білімнің жұмсақ күші «мәдени гегемония» құралы ретінде аймақаралық мәдени шекараларды әлсіретіп, ортақ академиялық құндылықтар мен мәдени консенсусты қалыптастыруға ықпал етті. Бұл саясат Еуропаның жоғары білім жүйесінің халықаралық мәдени тартымдылығын арттырып қана қоймай, әлемнің түкпір-түкпірінен таланттарды тартуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар «Еуропалық жоғары білім кеңістігінің» құрылуы Еуропада тұрақты, бейбіт және инклюзивті академиялық қауымдастық қалыптастыруға негіз болып оның жаһандық жоғары білім кеңістігіндегі мәдени жетекшілік рөлін күшейтті (Robertson, 2009:407–425).

Мишель Фуконың білім мен билік теориясы тұрғысынан қарағанда, жоғары білімдегі «жұмсақ күш» ұғымының өзі құндылықтар мен бағалау элементтерін қамтиды. Жоғары білімді бағалауда қолданылатын рейтингтер мен бенчмаркинг жүйелері бейтарап өлшемдер ғана емес, олар басым академиялық нормаларды заңдастырып, университеттердің қызметі мен білім өндірісінің бағыттарына ықпал ететін билік құралдары ретінде де қарастырылады (Pusser & Marginson, 2013: 544–568).

Америкалық әлеуметтанушы Элвин Тоффлер ақпараттық қоғамның әлеуметтік негізі ақпаратты жасау, жинау, тарату және өңдеумен айналысатын кең әлеуметтік қабаттар екенін атап көрсетеді. Ол білімді ең тиімді ресурс әрі құрал ретінде қарастырып, байлық пен биліктің де білімге негізделетінін дәлелдейді (Toffler, 1980:27–33). Халықаралық интеграцияның нәтижесінде жоғары білім қарқынды дамып, білім беру жүйесінің әртүрлі формалары пайда болды. Дәстүрлі, жеке және мемлекеттік университеттер қатаң бәсекелестік жағдайына тап болды. Көптеген мемлекеттер дамуға қол жеткізу үшін Батыс елдерінің жоғары білімді бағалау стандарттарын қабылдауға мәжбүр болды.

Қазіргі таңда әлемдік академиялық ресурстар тең бөлінбеген. Дамыған елдердің беделді жоғары оқу орындары (негізінен АҚШ пен Ұлыбритания университеттері) білім өндірісінің негізгі ресурстарын бақылауда ұстайды, ал дамушы елдердің жоғары оқу орындары көбіне тек тұтынушы және ізбасар рөлін атқарады. (Lo, 2011:209)

Дамыған елдер жаһандық жоғары білім стандарттарын қалыптастыру арқылы халықаралық академиялық дискурста басымдыққа ие болып, білім ресурстарының теңсіз бөлінуін одан әрі күшейтеді (Amaral, 2015: 48-60). Сонымен қатар, постколониалдық және антиколониалдық көзқарас тұрғысынан алғанда, Батыстың жоғары білімдегі жұмсақ күші «жаңа отаршылдықтың» (neo-colonialism) бір формасы ретінде түсіндірілуі мүмкін. Бұл жүйе негізінен англо-америкалық университеттер қалыптастырған білім беру стандарттарын жаһандық деңгейде сақтау мен бекітуге бағытталған.

Батыс әлемінде «білім беру орталығы» ретінде қарастырылатын жоғары білімнің жұмсақ күші ең алғаш ежелгі саяхатшы-ғалымдар (ғылыми сапарлар) кезеңінен бастау алады. Афина мен Бағдад Батыс өркениетінің орталықтары ретінде сол кезеңде әртүрлі елдерден келген зиялыларды тартып, білім мен мәдениеттің гүлденген орталықтарына айналды. Біздің заманымыздың V–X ғасырлары аралығында Египеттегі Әл-Азхар, Италиядағы Болонья және Үндістандағы Наланда әлемдік білім беру орталықтарына айнала бастады. Бұл кезеңде жоғары білім мәдениеттің сирек ресурсы ретінде бай аймақтарға тәуелді түрде қалыптасып, білім алмасу мен тоғысу кеңістіктерін құрады (Jane, 2015: 353–374). Қазіргі заманда Батыстың дамыған елдері халықаралық білім алмасу бағдарламаларын құру арқылы аймақтық және ұлттық жоғары білімнің тартымдылығын күшейтіп, өздерінің жұмсақ күшін арттыруға ұмтылды. Мысалы, АҚШ-тың Fulbright Program, Британ Достастығының Колombo жоспары, British Council бағдарламалары және Германияның академиялық алмасу қызметі (DAAD) осы бағыттағы маңызды құралдар болып табылады. Джейн Найт пікірінше, трансшекаралық білім беру тек студенттердің қозғалысымен шектелмей, күрделі оқу бағдарламалары мен білім беруші институттардың халықаралық деңгейде қозғалысын да қамтитын жүйеге айналды (Wilson, 2008:110-124). «Білім беру орталығы» ұғымы Батыс ұлттық мемлекеттерінің жоғары білім саласындағы әртүрлі саяси мақсаттары мен мәдени стратегияларын көрсетеді. Бұл

орталықтар халықаралық студенттерді қабылдау, шетелдік кампустар ашу, халықаралық бағдарламаларды тарату, кәсіби стандарттарды қалыптастыру және жаһандық форумдар ұйымдастыру арқылы жұмсақ күштің мәдени және саяси ықпалын жүзеге асырды. Батыс мемлекеттері халықаралық қатынастарда тек қатаң күштің (hard power) шектеулі екенін түсіне отырып, жұмсақ ықпалға (soft power) негізделген стратегияларға көбірек көңіл бөле бастады. Бұл тұрғыда білім беру орталықтары жаһандық деңгейде символдық және мәдени ықпал жинақтау құралына айналды (Nye, 2004: 5–7). «Білім беру орталығы» ретінде жоғары білімнің жұмсақ күші мемлекеттер мен халықаралық акторлар арасындағы бірегейлік, құндылықтар және нормалар бойынша ортақ түсіністікке сүйенеді. Бұл процесс әлеуметтік конструктивизм теориясы аясында халықаралық білім кеңістігінің мәдени негізін қалыптастырады (Wendt, 1999:1–5). Осылайша, «білім беру орталығы» ретінде Батыс жоғары білімінің жұмсақ күші жоғары білім функциясының шоғырланған көрінісі болып табылады. Халықаралық білім беру орталықтарын құру және тарату арқылы Батыс жоғары білімінің негізгі идеялары, құндылықтары және мәдени моделі әлемдік деңгейде бейтарап түрде таралып, оның жұмсақ күшінің орталық алаңы қалыптасты. Сонымен қатар, Батыс жоғары білім жүйесі жаһандық білім беру орталықтарын қалыптастыру арқылы өзінің мәдени моделін экспорттап, жұмсақ күшті ұлттық бәсекеге қабілеттіліктің маңызды құрамдас бөлігіне айналдырды. Бұл өз кезегінде Батыс жоғары білімінің әлемдік білім кеңістігіндегі жетекші және үлгі көрсетуші рөлін күшейтті.

Батыс жоғары білімінің жұмсақ күшіне тән төрт негізгі мазмұндық өлшем бір-бірімен тығыз байланысты және өзара тәуелді жүйе құрайды. Бұл үдеріс біртіндеп дамитын (процессуалдық), сатылық және деңгейлік сипатқа ие болып, Батыс жоғары білімінің мәдени беделін кезең-кезеңімен қалыптастыру арқылы әлемдік жоғары білім жүйесінің трансформациясына ықпал етеді (Marginson, 2008: 303–315). Батыс жоғары білімі жаһандық деңгейде білім беру стандарттарын қалыптастыру арқылы орталығы Батыс университеттері болып табылатын әлемдік жоғары білім жүйесінің «хабтық құрылымын» (hub structure) қалыптастырады. Бұл құрылым жаһандық білім кеңістігінде құндылықтар мен академиялық модельдердің таралуына негіз болады (Altbach & Knight, 2007:290–305). Осылайша, Батыс жоғары білімінің жұмсақ күші төрт құрамдас элементтен тұратын біртұтас жүйе ретінде сипатталады:

- мәдени гегемония жетекші фактор ретінде;
- құндылықтық бағыттаушылық негізгі өзек ретінде;
- стандарттарды белгілеу (standard-setting) қолдаушы механизм ретінде;
- «білім беру орталығы» институционалдық тірек ретінде.

Бұл модель халықаралық білім кеңістігінде Батыс жоғары білімінің ықпалын күшейтіп, оның жаһандық деңгейдегі нормалар мен стандарттарды анықтаушы рөлін бекітеді.

Батыс жоғары білімінің жұмсақ күшінің кеңеюі мен гегемониялық мазмұндық құрылымынан өзгеше түрде, Қытайға тән жоғары білімнің жұмсақ күші ұлттық ерекшелікке, этномәдени сипатқа және заманауи даму кезеңінің талаптарына негізделеді. Қытай жоғары білімінің жұмсақ күші негізінен төрт негізгі бағыт арқылы қалыптасады: жоғары білімнің мәдени тартымдылығы, институционалдық инновациялық қабілеті, білім сапасының бәсекеге қабілеттілігі және халықаралық ықпал ету деңгейі. Бұл элементтердің өзара байланысы нәтижесінде ол ішкі және сыртқы компоненттері қатар қамтылған «төрт тірек, сегіз баған» (四梁八柱) құрылымдық кешенді жүйесін құрайды (Yang, 2016: 151–162). Бұл құрылым Қытай жоғары білім жүйесінің халықаралық деңгейдегі ықпалын күшейтуге сондай-ақ оның жаһандық академиялық кеңістіктегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Жоғары білімнің мәдени тартымдылығы – жоғары білімнің жұмсақ күшінің өзегін құрайтын негізгі элементтердің бірі. Ол Қытайға тән жоғары білім жүйесінің терең мәдени рухын, сондай-ақ мәдени құндылықтардың шоғырлану және тартылу қабілетін

қалыптастырады. «И-цзин» (易经) еңбегіндегі “Аспан құбылыстарын бақылау арқылы уақыттың өзгерісін аңғарамыз, адамзат мәдениетін бақылау арқылы әлемді тәрбиелейміз” деген ой жоғары білімнің мәдени функциясын «адамды тәрбиелеу» (教化) үдерісімен байланыстырады.

Жоғары білімнің мәдени тартымдылығының қалыптасуы – белгілі бір ұлт өркениетінің кемелденуі мен оның өзіндік санасының сыртқы көрініс беру формасы болып табылады. Қытайдың дәстүрлі университеттік рухы мен қазіргі заманғы университет идеясы өзара бірігіп, қытай жоғары білімінің мәдени тартымдылығын қалыптастыратын рухани өзекке айналды. Бұл құбылыс қытай өркениетінің ішкі мәдени генетикалық кодын (civilizational gene) бейнелейді (Zhao, 2010: 45–49). Батыс университеттерінен айырмашылығы ретінде, Қытай жоғары білімінің мәдени тартымдылығы сырттан енгізілетін (экзогендік) модель емес, керісінше ішкі дамуға негізделген (эндогендік) эволюциялық логикаға сүйенеді. Бұл даму Қытай халқының мыңдаған жылдық мәдени мұрасымен тығыз байланысты болып, университеттік мәдениеттің рухани негізін қалыптастырады (Zhao, 2011).

Мысалы, конфуцийшілдік іліміндегі үздіксіз даму идеясы және «өзін-өзі жетілдіру» рухы осы мәдени негізді күшейтеді. Great Learning еңбегінде «ізгі қасиетті жарықтандыру, халықты жаңарту және ең жоғары кемелдікке жету» идеясы ежелгі университеттік рухтың философиялық негізін көрсетеді (Legge, 1885). Сол сияқты, Сун дәуірінің ойшылы Zhang Zai өзінің «төрт ұлы ұстанымында»: «аспан мен жерге рух беру, халықтың өмірін негіздеу, ежелгі даналықты жалғастыру және мәңгілік бейбіт әлем орнату» сияқты гуманистік миссияны ұсынды (Chan, 1963:497–498). Қазіргі және заманауи кезеңде Қытай университеттік рухы тарихи және әлеуметтік өзгерістер арқылы қайта жаңғыртылып, жаңа деңгейге көтерілді. Mei Yiqi ұсынған «университет дегеніміз ғимарат емес, ол – ұстаздар рухы» деген идея білімнің интеллектуалдық және рухани негізін айқындады (Наумов, 1996:112–115). Қазіргі Қытай жоғары білімінің мәдени тартымдылығы ұлттық жаңғыру миссиясымен тығыз байланысты. Ол мемлекет пен ұлттың өркендеуі үшін жауапкершілікті өз мойнына алып, ашықтық, инклюзивтілік және инновациялық ғылыми мәдениетті дамытуға бағытталған (Ministry of Education of China, 2020). Жалпы алғанда жоғары білімнің мәдени тартымдылығы университеттің ішкі рухани мәдениетінде терең орныққан және оның сыртқы миссиясында көрініс табатын құбылыс болып табылады. Ол университеттің жоғары білім мен ғылыми ізденістің идеалдық кеңістігі ретіндегі табиғатын айқындайды және қытай университет мәдениетіндегі рухани-рационалдық бірліктің көрінісі болып саналады.

Инновация теориясының классикалық өкілі ретінде Джозеф Шумпетер инновацияны экономикалық және ұйымдық құрылымдардағы монополиялық жағдайды бұзу сондай-ақ ескі жүйелерді түбегейлі жаңарту және қайта құру үдерісі ретінде қарастырған. (Schumpeter, 1934) Осы теориялық тұжырымға сүйене отырып, Қытай жоғары білім жүйесіндегі институционалдық инновация ішкі дамуға негізделген (эндогендік) сипатымен ерекшеленеді және ол елдің нақты әлеуметтік-экономикалық контекстіне бағытталған. Сонымен қатар Қытай жоғары біліміндегі институционалдық инновация трансформациялық сипатқа ие болып, Батыс жоғары білім жүйесінің модельдеріне сыни талдау жүргізу және оны қайта құрылымдау арқылы жаңа институционалдық логиканы қалыптастыруға ұмтылады. Бұл үдеріс тек құрылымдық өзгерістермен шектелмей, сонымен қатар құндылықтық деңгейде де жүзеге асады. Нәтижесінде, Қытай жоғары білім жүйесінің институционалдық инновациясы Батыс жоғары білім жүйесіндегі кейбір құрылымдық және институционалдық олқылықтарды толықтырып, Қытайдың ұлттық құндылықтары мен даму логикасына сәйкес келетін жаңа типтегі жоғары білім моделін қалыптастыруға бағытталған.

Батыстың жоғары білім жүйесінен айырмашылығы ретінде, Қытайдың жоғары білім жүйесін құру елдің нақты білім беру шындығына негізделген. Ол негізінен жоғары оқу орындарын басқарудың жетекшілік құрылымын және кадрларды (таланттарды) бағалау

жүйесін қамтиды. Мысалы, Қытайға тән жоғары оқу орындарын басқару моделі — партиялық комитет басшылығындағы ректор жауапкершілігі жүйесі — университет басқаруындағы қытайлық ерекшелікті көрсететін негізгі институционалдық инновация болып табылады. Бұл модель Қытай жоғары біліміндегі ішкі басқару жүйесінің жаңашылдығын айқын бейнелейді. Сонымен қатар, Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Кеңесі жариялаған «Жалпы жоғары оқу орындарында партия комитетінің басшылығындағы ректор жауапкершілігі жүйесін сақтау және жетілдіру туралы іске асыру пікірлері» құжаты университеттерде партияның біртұтас басшылығын берік ұстану қажеттігін атап көрсетеді (中共中央办公厅, 2014). Жоғары білім жүйесінде партияның толық жетекшілігін сақтау — Қытай жоғары білім жүйесіндегі институционалдық инновациялық әлеуеттің көрінісі болып табылады және ол социалистік жүйенің институционалдық артықшылықтарын айқындайды. Сонымен қатар, Қытайдың жоғары білімдегі кадрларды бағалау жүйесінің инновациясы мемлекет мүддесін орталық орынға қоятын стратегиялық көзқарасты, адам ресурстарын басты құндылық ретінде қарастыратын гуманистік ұстанымды және миссиялық құндылық бағдарын көрсетеді. Бұл жүйе ұлттық деңгейдегі ғылыми-технологиялық инновацияларды дамытуға бағытталып, жоғары деңгейлі ғалымдар мен инженерлерді қалыптастыруға ерекше мән береді (<http://www.moe.gov>, 2024)

Осы арқылы Қытай білімді дербес дамытатын экожүйе қалыптастыруға және «білімді қуатты мемлекет» стратегиясын жүзеге асыруға ұмтылады.

Жоғары білім сапасының стандарттық бәсекеге қабілеттілігі білім беру сапасын өзегіне алады және ол бір мемлекеттің жоғары білім жүйесінің кешенді қуатын сандық (квантитативтік) және сапалық (квалитативтік) бағалауды біріктіретін ұғым болып табылады. Бұл ұғым жоғары оқу орындарының ішкі және сыртқы факторларының өзара үйлесімділігі мен жүйелік байланысын қамтиды. Сондықтан жоғары білім сапасының бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыратын сыртқы стратегиялық факторларға саяси-құқықтық орта, институционалдық механизмдер, кадрлар даярлау жүйесі, ғылыми зерттеулер және қоғамға қызмет көрсету функциялары жатады. Жоғары сапа — әлемдік деңгейдегі жоғары білім бәсекеге қабілеттілігінің негізгі ішкі қозғаушы күші болып табылады. 习近平 Tsinghua университетіне жасаған сапары барысында: «бір мемлекеттің жоғары білім жүйесі бірінші деңгейлі университеттер тобының күшті қолдауына мұқтаж, ал олардың деңгейі мен сапасы бүкіл жүйенің деңгейі мен сапасын айқындайды» деп атап өткен (习近平, 2021). Ал Гарвард университетінің профессоры Майкл Портер бәсекеге қабілеттіліктің мәні сапаны басқаруда екенін көрсетеді. Оның пікірінше, сапа мен бәсекеге қабілеттілік өзара әрекеттеседі: сапа — бәсекеге қабілеттіліктің негізі, ал бәсекеге қабілеттілік — сапаның сыртқы көрінісі болып табылады (Porter, 1990). Осылайша, жоғары білім сапасының бәсекеге қабілеттілігі ең алдымен макродеңгейдегі стратегиялық мақсаттарға бағытталады. Оған әлемдік деңгейдегі университеттер құру, әлемдік деңгейдегі пәндік бағыттарды дамыту және жоғары деңгейлі инновациялық кадрларды даярлау жатады. Бұл Қытай жоғары білім жүйесінің жаһандық мәдени кеңістіктегі салыстырмалы және абсолютті артықшылықтарын айқындайды. Сонымен қатар, жоғары білім сапасының бәсекеге қабілеттілігі ішкі білім беру ортасының сапасы, кадрлар даярлау деңгейі, оқытушылардың ғылыми-зерттеу әлеуеті және ресурстық қамтамасыз ету сияқты факторлар арқылы да көрініс табады. Жоғары білім сапасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін «сапа — негіз, стандарт — өлшем, бренд — мақсат» қағидатын ұстану қажет.

Жоғары білімнің халықаралық ықпал ету күші әртүрлі халықаралық және көптүрлі коммуникациялық арналар арқылы басқа елдердің жоғары білім жүйелерінің құндылықтары мен мінез-құлық үлгілеріне әсер етіп, олардың белгілі бір негізгі идеяларды мойындауы мен үлгі етуіне ықпал етеді (李健、洪成文, 2018). Ықпал ету күші белгілі бір деңгейде сендіру қабілеті ретінде қарастырылуы мүмкін және ол биліктің жасырын (имплицитті) әрі ашық

(эксплицитті) формалары арқылы көрінетін табиғи шектеу және тартымдылық қасиетіне ие. Жоғары білімнің халықаралық ықпал ету күші субъективті және объективті аспектілердің бірлігін сипаттайды. Оның субъективті жағы күшке негізделмеген тартымдылық пен сенім қалыптастыру қабілетін білдірсе, объективті жағы мәжбүрлеуші немесе биліктік ықпал ету механизмдерін қамтиды. Мысалы, Батыс жоғары білім жүйесінде мәдени гегемония, постколониализм және жаңа либерализм идеялары осы ықпалдың институционалдық көріністері ретінде қарастырылады (Altbach, 2004: 3–25). Қытайға тән жоғары білімнің халықаралық ықпал ету күші сиректік (scarcity), консенсус (consensus) және радиациялық таралу (diffusion) сипаттарына ие. Біріншіден, сиректік Қытай жоғары білім тәжірибесінің елдің өз ішінде қалыптасып, ұлттық білім реформалары тәжірибесін жинақтаған ерекше даму моделіне негізделгенін білдіреді. Бұл модель Қытайға тән мәдени және тарихи ерекшеліктермен ұштасқан, әрі әлемдік деңгейде өзіндік бірегей құндылыққа ие (Marginson, 2011: 411–433). Екіншіден, консенсус Қытай жоғары білімінің халықаралық деңгейде ортақ түсіністікке ие болуын білдіреді. Бұл — халықаралық көзқарасы бар, ғылыми-инновациялық қабілеті жоғары әлемдік деңгейдегі ғалымдарды даярлау арқылы жаһандық жоғары білім орталығын қалыптастыруға бағытталған үдеріс (Yang, 2016:151-162). Үшіншіден, радиациялық таралу жоғары білімнің халықаралық ықпал ету күшінің сыртқы көрінісі болып табылады. Ол Қытай жоғары білімінің тәжірибесін, мәдениетін және академиялық жетістіктерін халықаралық деңгейде тарату арқылы оның жаһандық беделін арттыруды көздейді.

Құндылық мәнді айқындайды, ал мән мазмұнды ашады. Қытайға тән жоғары білімнің жұмсақ күшіндегі құндылықтық инновация оның әлемдік деңгейдегі үлесін және теориялық маңызын қалыптастырады. Батыс жоғары білімінің жұмсақ күшін құру мақсаттары мен функцияларынан айырмашылығы ретінде, Қытай жоғары білімінің жұмсақ күші мәдени гегемонияға, мәдени отаршылдыққа және біркелкі мәдениетке (гомогенизацияға) қарсы тұрады. Ол «美美与共» (әр сұлулық өзара үйлесімде), «兼容并包» (кең қамту және инклюзивтілік), «开放融通» (ашықтық пен интеграция), «和而不同» (үйлесім, бірақ біркелкіліксіз) сияқты көптүрлілікке, инклюзивтілікке және үйлесімділікке негізделген университеттік мәдени тартымдылықты қолдайды (费孝通, 2006). Бұл модель Қытайдың дәстүрлі университеттік рухы мен қазіргі университет мәдениетінің тарихи тоғысуы негізінде қалыптасқан. Қытай халқының дәстүрлі жоғары білім рухы — Қытайға тән жоғары білім жұмсақ күшінің түп негізі мен рухани тірегі болып табылады. Қытай жоғары білімінің мәдени тартымдылығы оның рухани өзегін құрайды және дәстүрлі қытай мәдениеті мен қазіргі өркениет арасындағы өзара ықпалдасу нәтижесінде ерекше ұлттық сипаттағы университеттік мәдени негізді қалыптастырады. 费孝通 өзінің «美美与共与人类文明» еңбегінде «әр сұлулық өзара үйлесімде, бірақ айырмашылық сақталады» деген мәдени концепцияны ұсынды. Бұл идея Қытайдың дәстүрлі университеттік философиясында «ашықтық», «өзара үйрену», «өзара байланыс» және «өзара көмек» сияқты әмбебап құндылықтарды көрсетеді (<http://www.moe.gov.cn>).

Қазіргі заман кезеңінде Қытайдың жоғары білімі модернизация үдерісі барысында өзіндік ерекше университеттік рухани мәдениетті қалыптастырып, адамзаттың білім беру өркениетінің дамуына елеулі үлес қосты. Қытай заманауи университеттік рухы айқын дәуірлік, ұлттық және мемлекеттік сипаттарға ие. Мысалы, 西南联大 ұраны – «қаталдық, табандылық және беріктік»; 延安大学 ұраны – «өзін қоғамға арнау және білімді практикада қолдану»; 清华大学 ұраны – «өзін-өзі жетілдіру және зор моральдық қасиетке ие болу»; 南开大学 ұраны – «әділеттілік пен қабілеттілік, күн сайын жаңару» болып табылады (清华大学校史资料编写组, 2015). Университеттік ұрандар мәдениеті мәні жағынан жоғары оқу орнының оқыту мәдениеті, академиялық мәдениеті және жалпы институционалдық рухын жинақтап

көрсететін феномен болып табылады. Ол университеттің рухани-идеялық өзегін айқындайды. Қытай жоғары білімінің жұмсақ күші дәстүрлі қытай университеттік мәдениетін біріктіріп, қазіргі заманғы университеттердің тарихи рухын жүйелеп, дәстүр мен заманның органикалық синтезін қалыптастырады. Бұл Қытайға тән білім беру өркениетінің жаңа үлгісін құрай отырып, әлемдік жоғары білімнің жұмсақ күш мазмұнына маңызды теориялық және мәдени үлес қосады.

Батыстың жоғары білім құрылымының шашыраңқылығы, төмен тиімділігі және нарықтық күштердің басым рөліне негізделген білім беру жүйесінен айырмашылығы ретінде, Қытай жоғары білім жүйесіндегі институционалдық инновацияның өзегі – жоғары білімге партияның толық басшылығы қағидасы болып табылады. «Партия үшін кадрлар даярлау, мемлекет үшін мамандар тәрбиелеу» және «елдің стратегиялық мүдделерін (国之大者) негізге алу» қағидалары Қытайға тән жоғары білім жүйесіндегі институционалдық инновацияның негізгі көрінісі болып табылады. 习近平 атап өткендей: «мемлекетті басқару ағаш отырғызумен ұқсас, тамыры берік болса ғана бұтақтары мен жапырақтары мол болады» (习近平, 2021:4-5). Осы тұрғыдан алғанда, Қытай Коммунистік партиясының жоғары білім жүйесіне толық жетекшілігін берік сақтау – Қытай жоғары білімінің жұмсақ күшін қалыптастырудағы негізгі түп негіз болып табылады және ол ұлттық білім беру басқару жүйесінің бастапқы қайнар көзі ретінде қарастырылады.

Қытай жоғары білім жүйесіндегі институционалдық инновациялық күш адамзаттың білім беру өркениеті мен оның дамуына жаңа басқару тетіктерін ұсынады. Ол коллективистік (ұжымшылдық) идеяларға сүйене отырып, Қытайға тән социалистік жоғары білім құндылықтары мен идеалдарын жүзеге асыруды мақсат етеді және жоғары білім саласында партияның толық және біртұтас басшылығын сақтауды негізгі қағида ретінде ұстанады. Бұл модель Қытай жоғары білімінің тарихи логикасына, қазіргі заманғы әлеуметтік қажеттіліктеріне, теориялық негіздеріне және практикалық даму бағытына толық сәйкес келеді. Сонымен қатар, партияның толық басшылығы Қытайға тән ерекше және айқын сипаттағы жоғары білімді басқару жүйесін қалыптастырып, «партиялық комитет басшылығындағы ректор жауапкершілігі жүйесін» орнықтырды. Бұл жүйе әлемдік жоғары білімді басқару тарихында өзіндік теориялық және практикалық жаңалық ретінде бағаланады. «Партия–мемлекет бірлігі, партияның жетекші рөлі» қағидаты қазіргі заманғы Қытай жоғары білім басқару моделінің жаңа теориялық және практикалық бағытын қалыптастырды. 习近平 атап өткендей, «партияның толық басшылығын берік сақтау» Қытайға тән жоғары білім жүйесіндегі институционалдық инновацияның маңызды бағыты болып табылады (习近平, 2021:4-5). Бұл ұстаным объективті түрде Қытайға тән социалистік жоғары білім жүйесінің ең негізгі ерекшелігін айқындайды, оның институционалдық артықшылығын көрсетеді және ішкі басқару жүйесінің жоғары деңгейдегі ұйымдастырушылық тұтастығын (凝聚力) күшейтеді.

Сапа мен бәсекеге қабілеттілік диалектикалық бірлік қатынасында болады және олар диалектикалық материализмнің негізгі заңдылықтарына сәйкес дамиды. Бұл екі ұғым бір-бірінен ерекшеленгенімен, өзара тығыз байланыста болып, біртұтас жүйе ретінде әрекет етеді. Олардың үйлесімді дамуы сапа мен бәсекеге қабілеттілікті өзара ықпалдасқан тұтас құрылым ретінде қалыптастыруға бағытталады. Қытай жоғары білімінің жұмсақ күш жүйесінде сапа мен бәсекеге қабілеттілік органикалық бірлік қасиетіне ие. Жоғары білімнің сапалық бәсекеге қабілеттілігі күрделі жүйе ретінде қарастырылып, оның ішкі элементтері көпқырлы құрылымдық тұтастықты, тұрақтылықты және өзара байланыстылықты құрайды. Батыстың жоғары білім бәсекеге қабілеттілігі ұғымынан айырмашылығы ретінде, Қытайға тән жоғары білім сапасының бәсекеге қабілеттілік тұжырымдамасы ғылыми социализмнің диалектикалық ойлау логикасына негізделген. Батыс елдеріндегі жоғары білім бәсекеге қабілеттілігі көбінесе оның құрылымдық және диалектикалық табиғатын ескермей, сапаны тек бәсекеге қабілеттілікті арттыру құралы ретінде қарастырады. Бұл сапаның жүйедегі негізгі

құрылымдық мәнін елемеуге әкеліп, бәсекеге қабілеттілікті оқшауланған, біржақты және тар түсіндіруге алып келеді. Керісінше, Қытайға тән жоғары білім сапасының бәсекеге қабілеттілігі сапа мен бәсекеге қабілеттілікті біртұтас жүйе ретінде қарастырады. Бұл тәсіл олардың ішкі және сыртқы өзара әрекеттесуін күшейтіп, сапа мен бәсекеге қабілеттілік арасындағы үйлесімді, интеграциялық және симбиоздық жаңа мазмұнды қалыптастыруға бағытталған (<http://www.moe.gov.cn>).

Қытайға тән жоғары білімнің халықаралық ықпал ету күші Батысқа тән мәдени гегемония, мәдени отаршылдық немесе ұлы державалық шовинизм идеяларын мақсат етпейді. Керісінше, ол «адамзаттың ортақ тағдыр қауымдастығы» тұжырымдамасын жоғары білім саласындағы халықаралық ынтымақтастық пен алмасудың негізгі қағидасы ретінде қарастырады (罗建河, 2015:91-95). Қытай жоғары білімінің халықаралық ықпалын арттырумен қатар, бұл модель әртүрлі мемлекеттердің жоғары білім жүйелері арасындағы халықаралық ынтымақтастық пен академиялық байланыстарды қатар дамытуға бағытталған. Осы арқылы өзара тәуелділікке, өзара қолдауға және ортақ пайдаға негізделген жаһандық жоғары білім құндылықтары қалыптастырылады. Сонымен бірге, бұл тәсіл әлем елдерінің жоғары білім жүйелерінің тұрақты дамуын басты міндеттердің бірі ретінде қарастырып, халықаралық жоғары білім кеңістігінде ортақ мүдде мен тұрақты экожүйе қағидатын қалыптастыруды көздейді (张伟, 2022:87-95). Сондықтан Қытайға тән жоғары білімнің халықаралық ықпал ету күшін қалыптастыру және тарату басқа мемлекеттердің жоғары білім экожүйесіне агрессиялық, үстемдік етуші немесе қысым көрсетуші сипатта әсер етпейді. Бейбітшілікке, өзара тиімділікке және ашықтыққа негізделген Қытай жоғары білімінің халықаралық ықпал ету күші жаһандық жоғары білім саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың тұрақты және үйлесімді экожүйесін қалыптастырады. Осы арқылы Қытай жоғары білімі «адамзаттың ортақ білім кеңістігін» дамытуда әлемдік деңгейдегі рухани және мәдени ықпал ету мүмкіндігін көрсетеді.

Қытайға тән жоғары білімнің халықаралық ықпал ету күшін тарату «инклюзивтілік, үйлесім және симбиоз» құндылықтық қағидаттарына негізделеді. Қытай халқының «兼容并包» (әртүрлілікті қамту және қабылдау) және «和谐相生» (үйлесім арқылы қатар даму) идеялары қазіргі кезеңдегі Қытай жоғары білімінің халықаралық ықпал ету күшін қалыптастыру үдерісінде негізгі құндылықтық бағдар ретінде көрініс табады (胡昞昞, 2021:93-103). Бұл модель жоғары білім саласындағы оқытушылар мен студенттердің халықаралық мобильдігін дамыту, халықаралық ғылыми-зерттеу платформаларын құру, әлемдік деңгейдегі ғылыми топтардың бірлескен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру сияқты түрлі тетіктер арқылы жүзеге асырылады. Осының нәтижесінде Қытай жоғары білім жүйесі халықаралық тәжірибелердің «өзара үйренуін» (互鉴), халықаралық кейстердің «өзара игерілуін» (互学) және халықаралық практикалардың «өзара байланысын» (互通) қамтамасыз етуге ұмтылады (Yang, 2016:151-162).

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу нәтижелері Батыс жоғары біліміндегі «жұмсақ күш» ұғымының тарихи эволюция барысында қарапайым академиялық ықпал тетігінен жаһандық мәдени-саяси ықпал құралына дейін трансформацияланғанын көрсетті. Бастапқы кезеңде жоғары білім тек білім беру және ғылыми даярлау институты ретінде қабылданған. Бірақ қазіргі халықаралық қатынастар жүйесінде мәдени дипломатияның, білім дипломатиясының және академиялық гегемонияның маңызды механизміне айналды. Дж. Найдың жұмсақ күш теориясына сәйкес, жоғары білім мемлекеттердің мәдени құндылықтарын, саяси ұстанымдарын және ұлттық мүдделерін халықаралық деңгейде тарату құралы қызметін атқарады (Nye, 2004). Осыған байланысты Батыс мемлекеттері жоғары білім жүйесін халықаралық ықпал етудің стратегиялық ресурсы ретінде пайдаланып, академиялық мобильділік, халықаралық рейтингтер, гранттық бағдарламалар және білім беру стандарттары арқылы жаһандық білім

кеңістігіндегі жетекші орнын нығайтты. Мақаланы зерттеу барысында батыс жоғары білімінің жұмсақ күші төрт негізгі мазмұндық компонент негізінде қалыптасатыны анықталды. Оларға: мәдени гегемония, құндылықтық бағдар, стандарт қалыптастыру және білім беру орталығы моделі кіреді. Аталған құрылым халықаралық академиялық кеңістікте Батыс университеттерінің үстем рөлін бекітіп, әлемдік жоғары білім жүйесіндегі орталық–перифериялық қатынастардың сақталуына ықпал етеді (Altbach, Knight, 2007). Сонымен қатар, жоғары білімнің жұмсақ күші халықаралық білім беру стандарттарын қалыптастыру арқылы дамушы мемлекеттердің білім беру жүйесіне жанама ықпал етудің тиімді құралына айналған. Саймон Марджинсон Батыс жоғары білімінің жаһандануы тек академиялық интеграция үдерісі ғана емес, символдық билік пен мәдени үстемдікті тарату механизмі болып табылады деп негіздеме берген (Marginson, 2008). Зерттеу нәтижелері жоғары білім саласындағы жұмсақ күштің постколониалдық сипатқа ие екенін де көрсетті. Әсіресе Батыс университеттері қалыптастырған рейтингтік жүйелер мен академиялық стандарттар дамушы мемлекеттердің білім беру жүйелерін Батыстық модельге тәуелді етті. Бұл үдеріс академиялық ресурстардың теңсіз бөлінуіне және білім өндірісінің орталықтануына алып келді (Lo, 2011). М. Фуконың білім мен билік теориясы тұрғысынан қарастырғанда, жоғары білім жүйесіндегі бағалау және стандарттау механизмдері бейтарап құрал емес, керісінше билік қатынастарын институционалдандыратын дискурсивтік құрылым ретінде қызмет атқарады (Foucault, 1980). Батыс жоғары білімінің жұмсақ күші халықаралық деңгейде мәдени және идеологиялық ықпал жүргізудің күрделі жүйесіне айналғаны анықталды. Қытайға тән жоғары білімнің жұмсақ күші Батыстық модельден мазмұндық және құндылықтық тұрғыдан айтарлықтай ерекшеленетінін көрсетті. Қытай жоғары білімінің жұмсақ күші ұлттық мәдениетке, социалистік құндылықтарға және модернизациялық стратегияларға негізделген кешенді құрылым ретінде сипатталады. Оның негізгі құрамдас бөліктеріне жоғары білімнің мәдени тартымдылығы, институционалдық инновациялық әлеуеті, білім сапасының бәсекеге қабілеттілігі және халықаралық ықпал ету деңгейі жатады. Қытай жоғары білімінің мәдени тартымдылығы оның негізгі рухани өзегі екенін көруге болады. Қытай университетінің мәдениеті конфуцийшілдік рухани мұраға, тарихи сабақтастыққа және ұлттық бірегейлікке негізделеді. Бұл модель Батыс университеттеріне тән экзогендік даму логикасынан ерекшеленді. Эндогендік даму бұл мәдени дамудың қағидатына сүйенеді. Қытай жоғары білімінің мәдени тартымдылығы ұлттық жаңғыру идеясымен тығыз байланысып, университетті тек білім беру институты ретінде ғана емес, ұлттық рух пен өркениеттік құндылықтарды сақтаушы мәдени орталық ретінде қарастырады.

Сондай-ақ зерттеу нәтижелері Қытай жоғары біліміндегі институционалдық инновацияның басты ерекшелігі ретінде партияның жоғары білім жүйесіне толық жетекшілігін көрсетті. «Партиялық комитет басшылығындағы ректор жауапкершілігі жүйесі» Қытай жоғары білім басқару моделінің негізгі институционалдық ерекшелігі болып табылады. Бұл жүйе жоғары білімді ұлттық стратегиялық даму мақсаттарымен байланыстырып, кадр даярлау мен ғылыми инновацияларды мемлекеттің ұзақмерзімді даму мүдделерімен үйлестіруге бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, Қытай жоғары біліміндегі институционалдық инновация Батыс жоғары біліміндегі нарықтық басқару моделіне балама ретінде қарастырылады.

Зерттеу нәтижелері Қытай жоғары білімінің сапалық бәсекеге қабілеттілігі ұғымының да өзіндік ерекшеліктерге ие екенін көрсетті. Қытай моделінде сапа мен бәсекеге қабілеттілік өзара тәуелді әрі біртұтас жүйе ретінде қарастырылады. Бұл тәсіл жоғары білім сапасын тек рейтингтік көрсеткіштер арқылы бағалаумен шектелмей, ұлттық инновациялық әлеует, ғылыми кадрлар даярлау деңгейі және қоғамға қызмет ету сапасы арқылы кешенді бағалауға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде Қытай жоғары білім жүйесі әлемдік академиялық кеңістіктегі салыстырмалы және стратегиялық артықшылықтарын нығайтуға ұмтылып отыр.

Соңында, зерттеу нәтижелері Қытай жоғары білімінің халықаралық ықпал ету күші «адамзаттың ортақ тағдыр қауымдастығы» тұжырымдамасына негізделетінін көрсетті. Батыс жоғары біліміндегі мәдени гегемония моделінен айырмашылығы, Қытай жоғары білімінің халықаралық стратегиясы өзара ынтымақтастық, мәдени үйлесім және тәжірибе алмасу қағидаттарына сүйенеді. Бұл модель халықаралық академиялық мобильділік, ғылыми-зерттеу платформалары және трансұлттық зерттеу жобалары арқылы жүзеге асырылады. Осылайша, Қытай жоғары білімінің жұмсақ күші халықаралық білім кеңістігінде баламалы даму моделін қалыптастырып, жаһандық жоғары білім жүйесіндегі жаңа құндылықтық парадигманы ұсынатыны анықталды.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде жоғары білімдегі «жұмсақ күш» ұғымының қазіргі халықаралық білім беру кеңістігіндегі маңызы мен оның Батыс және Қытай жоғары білім жүйелеріндегі өзіндік ерекшеліктері айқындалды. Зерттеу барысында жоғары білімнің бастапқыда білім беру мен ғылыми даярлау институты ретінде қалыптасып, уақыт өте келе мәдени, құндылықтық, институционалдық және халықаралық ықпал етудің маңызды құралына айналғаны анықталды. Осы тұрғыдан алғанда, жоғары білім мемлекеттің халықаралық беделін қалыптастыруға, академиялық және мәдени құндылықтарды таратуға, сондай-ақ жаһандық білім беру кеңістігіндегі бәсекеге қабілеттілікті арттыруға мүмкіндік беретін стратегиялық ресурс ретінде көрінеді.

Зерттеу Батыс жоғары білімінің жұмсақ күші тарихи даму барысында мәдени гегемония, құндылықтық бағдар, академиялық стандарттарды белгілеу және «білім беру орталығы» сияқты төрт негізгі компонент арқылы қалыптасқанын көрсетті. Халықаралық студенттер алмасуы, академиялық мобильділік, гранттық бағдарламалар, рейтингтер мен білім беру стандарттары Батыстың жаһандық жоғары білім кеңістігіндегі ықпалын күшейтетін негізгі тетіктер ретінде қызмет атқарды. Сонымен бірге бұл модельдің постколониалдық және гегемониялық сипаты да байқалады: академиялық ресурстар мен білім өндірісінің теңсіз бөлінуі Батыс университеттерінің орталық ролін бекітіп, дамушы елдердің жоғары білім жүйелерінің белгілі бір деңгейде тәуелді болуына ықпал етті.

Ал Қытай жоғары білімінің жұмсақ күші ұлттық мәдениетке, тарихи сабақтастыққа және елдің модернизациялық даму стратегиясына негізделген өзіндік модель ретінде қалыптасқаны анықталды. Оның құрылымдық негізін жоғары білімнің мәдени тартымдылығы, институционалдық инновациялық қабілеті, білім сапасының бәсекеге қабілеттілігі және халықаралық ықпал ету күші құрайды. Бұл компоненттер өзара байланысып, Қытайдың ішкі даму әлеуетін күшейтумен қатар, оның халықаралық білім кеңістігіндегі беделі мен ықпалын арттыруға бағытталған кешенді жүйені қалыптастырады.

Қытай моделінің маңызды ерекшелігі – дәстүрлі мәдени құндылықтар мен қазіргі заманғы университеттік дамудың өзара сабақтастығы. Конфуцийшілдік рухани мұра, ұлттық жаңғыру идеясы, ашықтық, инклюзивтілік, үйлесім және өзара үйрену қағидаттары Қытай жоғары білімінің мәдени тартымдылығының негізін құрайды. Сонымен қатар институционалдық инновация жоғары білімді ұлттық стратегиялық мақсаттармен байланыстырып, ғылыми кадрларды даярлау мен инновациялық дамуды мемлекеттің ұзақ мерзімді даму міндеттерімен үйлестіруге бағытталған.

Зерттеу сондай-ақ Қытай жоғары біліміндегі сапа мен бәсекеге қабілеттіліктің өзара тығыз байланыста қарастырылатынын көрсетті. Бұл тәсіл жоғары білімнің нәтижелілігін тек халықаралық рейтингтер арқылы емес, ғылыми зерттеу әлеуеті, кадр даярлау сапасы, инновациялық даму және қоғамға қызмет көрсету деңгейі сияқты кешенді көрсеткіштер арқылы бағалауға мүмкіндік береді. Осы арқылы Қытай жоғары білім жүйесі жаһандық академиялық кеңістіктегі өз позициясын нығайтып, өзіндік даму моделін қалыптастыруға ұмтылады.

Жалпы алғанда, Батыс пен Қытай жоғары білімінің жұмсақ күш модельдерін салыстыру олардың мақсаттық және құндылықтық бағдарларында елеулі айырмашылық бар екенін көрсетті. Батыс моделі тарихи тұрғыдан мәдени гегемония мен академиялық стандарттарды қалыптастыру арқылы халықаралық ықпалды күшейтуге көбірек бағытталса, Қытай моделі ұлттық мәдени ерекшелік, институционалдық тұтастық, сапа мен бәсекеге қабілеттілік және халықаралық ынтымақтастық қағидаттарын біріктіруге негізделеді. Қытай жоғары білімінің халықаралық ықпалы «адамзаттың ортақ тағдыр қауымдастығы», өзара тиімділік, ашықтық және тәжірибе алмасу идеяларымен сабақтасып, жаһандық жоғары білім кеңістігінде баламалы құндылықтық бағдар ұсынуға ұмтылады.

Осылайша, жоғары білімдегі «жұмсақ күш» қазіргі кезеңде мемлекеттердің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын маңызды стратегиялық ресурс болып табылады. Батыс тәжірибесі жаһандық академиялық нормалар мен стандарттарды қалыптастырудың ықпалды тетіктерін көрсетсе, Қытай тәжірибесі ұлттық мәдениет пен институционалдық ерекшеліктерге сүйене отырып, жоғары білімнің халықаралық ықпалын қалыптастырудың баламалы моделін ұсынады. Сондықтан жоғары білімнің болашақтағы дамуы мәдени әртүрлілікті сақтау, академиялық өзара әрекеттестікті күшейту, білім ресурстарына тең қолжетімділікті қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастықты дамыту қағидаттарымен ұштасуы қажет. Бұл бағыттар жаһандық жоғары білім кеңістігінің тұрақты, ашық және өзара тиімді дамуына негіз бола алады.

Әдебиеттер:

Nye, 2005 – Nye, J. S. Soft Power and Higher Education. <https://library.educause.edu/resources/2005/1/soft-power-and-higher-education> (қаралған күн 01.01.2005)

Nye, 2004 – Nye J.S. Soft Power: The Means to Success in World Politics//New York: PublicAffairs.Soft Power (PublicAffairs).2004. 5-11 p.

Altbach & Knight, 2007 – Altbach, P. G., Knight, J. The Internationalization of Higher Education: Motivations and Realities//Journal of Studies in International Education, 11(3–4), 290–305 p.

Marginson, 2008 – Marginson, S. Global Field and Global Imagining: Bourdieu and Worldwide Higher Education//British Journal of Sociology of Education, 29(3), 303–315 p.

Nye, 1990 - Nye J.S. Soft Power//Foreign Policy. 1990. no.80. 153-171 p.

Nye, 2005 – Nye, J. S. Soft Power and Higher Education. <https://library.educause.edu/resources/2005/1/soft-power-and-higher-education> (қаралған күн 01.01.2005).

Altbach, 2004 – Altbach, P. G. Globalization and the University: Myths and Realities in an Unequal World//Tertiary Education and Management, 10 (1), 5–18 p.

Richmond, 2003 – Richmond, Y. Cultural Exchange and the Cold War: Raising the Iron Curtain//Pennsylvania State University Press. 22–27 p.

Wächter, 2004 – Wächter, B. The Bologna Process: Developments and Prospects//European Journal of Education, 39(3), 265–273 p.

Pusser & Marginson, 2013 – Pusser, B., & Marginson, S. University Rankings in Critical Perspective//The Journal of Higher Education, 84(4), 544–568. <https://doi.org/10.1353/jhe.2013.0022>

Toffler, 1980 – Toffler, A. The Third Wave//New York: William Morrow, 27–33 p

Lo, William Yat Wai, 2011 - Lo, William Yat Wai, Soft Power, University Rankings and Knowledge Production: Distinctions between Hegemony and Self-determination in Higher Education.Comparative Education 47,no.2(2011): 209 p.

- Amaral, 2015 – *Amaral A.* Shifting Institutional Boundaries Through Cross-Border Higher Education//*Journal of Studies in International Education* 20, no.1(2015). 48-60 p
- Jane, 2015 – *Jane T.* Soft Power and Cultural Diplomacy: Emerging Education Hubs in Asia//*Comparative Education* 51, no.3. 2015. 353-374 p
- Wilson, 2008 – *Wilson, Ernest J.* Hard Power, Soft Power, Smart Power//*The Annals of the American Academy of Political and Social Science*, 2008, 110-124 p
- Nye, 2004 – *Nye, J. S.* Soft power: The means to success in world politics//*Public Affairs*. 5–7 p
- Wendt, 1999 – *Wendt, A.* Social theory of international politics//*Cambridge University Press*, 1–5 p.
- Marginson, 2008 – *Marginson, S.* Global field and global imagining: Bourdieu and worldwide higher education//*British Journal of Sociology of Education*, 29(3), 303–315. <https://doi.org/10.1080/01425690801966386>
- Altbach & Knight Altbach, 2007 – *P. G., & Knight, J.* The internationalization of higher education: Motivations and realities//*Journal of Studies in International Education*, 11(3–4), 290–305 p. <https://doi.org/10.1177/1028315307303542>
- Ministry of Education of the People's Republic of China. (2020). Education modernization 2035 plan. <http://www.moe.gov.cn>
- 《礼记·大学》. 中国古代经典文献. 张载. 《横渠四句》
- 《世界一流研究型大学的形成》. 世界银行出版社.
- Legge, 1885 – *Legge, J.* The Chinese classics: The Great Learning. Oxford University Press
- Chan, 1963 – *Chan, W. T.* 《中国哲学资料选编》. 普林斯顿大学出版社.
- Hayhoe, R. (1996). 《中国大学：1895—1995 年的文化冲突》. 加兰出版社.
- 中共中央办公厅. (2014). 《关于坚持和完善普通高等学校党委领导下的校长负责制的实施意见》. 北京：中国政府文件.
- 中华人民共和国教育部. (2020). 《教育现代化 2035》. <http://www.moe.gov.cn>
- Schumpeter, 1934 – *Schumpeter, J. A.* The theory of economic development//*Harvard University Press*.
- 新华社：中共中央办公厅印发《关于坚持和完善普通高等学校党委领导下的校长负责制的实施意见》，2014 年 10 月 15 日，http://www.moe.gov.cn/jyb_xwfb/s5147/201410/t20141015_176026.html, 2025 年 4 月 10 日。
- 新华网：习近平在清华大学考察时强调 坚持中国特色世界一流大学建设目标方向 为服务国家富强民族复兴人民幸福贡献力量，2021 年 4 月 19 日，http://www.qstheory.cn/yaowen/2021-04/19/c_1127348969.htm，2025 年 4 月 10 日。习近平. (2021). 在清华大学考察时的重要讲话. 北京：中国政府网. <http://www.gov.cn>
- 李健、洪成文：《中国高等教育软实力的内涵及建设路径》，《大学教育科学》2018 年第 5 期，第 16—20 页。
- Porter, 2004 – *Porter, M. E.* The competitive advantage of nations//*Free Press*.
- Altbach, 2004 – *Altbach, P. G.* Globalization and the university: Myths and realities in an unequal world//*Tertiary Education and Management*, 10(1), 3–25 p.
- Marginson, 2011 – *Marginson, S.* Higher education and public good. *Higher Education Quarterly*, 65(4), 2011, 411–433 p.
- Yang, 2016 – *Yang, R.* China's strategy for the internationalization of higher education. *Frontiers of Education in China*, 11(2), 2016, 151–162 p.
- 费孝通, 2006 - 费孝通. 《美美与共与人类文明》. 北京大学出版社 2006
- 中华人民共和国教育部. (2020). 《教育现代化 2035》. <http://www.moe.gov.cn>
- 清华大学校史资料编写组. 《清华大学校史》. 清华大学出版社(2015).

习近平, 2021 - 习近平: 《毫不动摇坚持和加强党的全面领导》, 《求是》 2021年第18期, 第4—5页。

中华人民共和国教育部. 《教育现代化 2035》. <http://www.moe.gov.cn> (2020).

罗建河, 2015 - 罗建河: 《高等教育中的西方中心主义及其超越——基于国家软实力的视角》, 《国家教育行政学院学报》 2015年第2期, 第91—95页。

张伟, 2022 - 张伟、刘宝存: 《全球竞争时代的教育软实力: 内涵、挑战与因应》, 《清华大学教育研究》 2022年第1期, 第87—95页。

胡昞昞, 2021 - 胡昞昞、刘宝存: 《国际比较视野下的中国教育软实力》, 《教育研究》 2021年第10期, 第93—103页

Yang, 2016 - Yang, R. China's strategy for the internationalization of higher education. *Frontiers of Education in China*, 11(2), 2016, 151–162 p.

References:

Nye, 2005 - Nye, J. S. Soft Power and Higher Education. <https://library.educause.edu/resources/2005/1/soft-power-and-higher-education> (қаралған күн 01.01.2005)

Nye, 2004 - Nye J.S. Soft Power: The Means to Success in World Politics//New York: PublicAffairs. Soft Power (PublicAffairs). 2004. 5-11 p.

Altbach & Knight, 2007 - Altbach, P. G., Knight, J. The Internationalization of Higher Education: Motivations and Realities//Journal of Studies in International Education, 11(3–4), 290–305 p.

Marginson, 2008 - Marginson, S. Global Field and Global Imagining: Bourdieu and Worldwide Higher Education//British Journal of Sociology of Education, 29(3), 303–315 p.

Nye, 1990 - Nye J.S. Soft Power//Foreign Policy. 1990. no.80. 153-171 p.

Nye, 2005 - Nye, J. S. Soft Power and Higher Education. <https://library.educause.edu/resources/2005/1/soft-power-and-higher-education> (қаралған күн 01.01.2005).

Altbach, 2004 - Altbach, P. G. Globalization and the University: Myths and Realities in an Unequal World//Tertiary Education and Management, 10(1), 5–18 p.

Richmond, 2003 - Richmond, Y. Cultural Exchange and the Cold War: Raising the Iron Curtain//Pennsylvania State University Press. 22–27 p.

Wächter, 2004 - Wächter, B. The Bologna Process: Developments and Prospects//European Journal of Education, 39(3), 265–273 p.

Pusser & Marginson, 2013 - Pusser, B., & Marginson, S. University Rankings in Critical Perspective//The Journal of Higher Education, 84(4), 544–568. <https://doi.org/10.1353/jhe.2013.0022>

Toffler, 1980 - Toffler, A. The Third Wave//New York: William Morrow, 27–33 p

Lo, William Yat Wai, 2011 - Lo, William Yat Wai, Soft Power, University Rankings and Knowledge Production: Distinctions between Hegemony and Self-determination in Higher Education. *Comparative Education* 47, no.2(2011): 209 p.

Amaral, 2015 - Amaral A. Shifting Institutional Boundaries Through Cross-Border Higher Education//Journal of Studies in International Education 20, no.1(2015). 48-60 p

Jane, 2015 - Jane T. Soft Power and Cultural Diplomacy: Emerging Education Hubs in Asia//Comparative Education 51, no.3. 2015. 353-374 p

Wilson, 2008 - Wilson, Ernest J. Hard Power, Soft Power, Smart Power//The Annals of the American Academy of Political and Social Science, 2008, 110-124 p

- Nye, 2004 – *Nye, J. S.* Soft power: The means to success in world politics//Public Affairs. 5–7 p
- Wendt, 1999 – *Wendt, A.* Social theory of international politics//Cambridge University Press, 1–5 p.
- Marginson, 2008 – *Marginson, S.* Global field and global imagining: Bourdieu and worldwide higher education//British Journal of Sociology of Education, 29(3), 303–315. <https://doi.org/10.1080/01425690801966386>
- Altbach & Knight Altbach, 2007 – *P. G., & Knight, J.* The internationalization of higher education: Motivations and realities//Journal of Studies in International Education, 11(3–4), 290–305 p. <https://doi.org/10.1177/1028315307303542>
- Altbach, 2004 – *Altbach, P. G.* Globalization and the university: Myths and realities in an unequal world//Tertiary Education and Management, 10(1), 2004, 3–25.
- Chan, 1963 – *Chan, W. T.* A Source Book in Chinese Philosophy//Princeton University Press. 1963
- Central Committee General Office of the Communist Party of China. (2014). Opinions on Upholding and Improving the President Responsibility System under the Leadership of the Party Committee in Ordinary Higher Education Institutions. Beijing: Chinese Government Documents.
- Fei, 2006 – *Fei, X.* Harmony in Diversity and Human Civilization//Beijing: Peking University Press, 2006.
- Hayhoe, 1996 – *Hayhoe, R.* China's Universities, 1895–1995: A Century of Cultural Conflict//New York: Garland Publishing, 1996.
- Hu & Liu, 2021 – *Hu, Y., & Liu, B.* China's educational soft power from an international comparative perspective//Educational Research, 10, 93–103 p.
- Li & Hong, 2018 – *Li, J., & Hong, C.* The connotation and development paths of China's higher education soft power//University Education Science, 5, 2018, 16–20 p.
- Luo, 2015 – *Luo, J.* Western-centrism in higher education and its transcendence: A perspective based on national soft power//Journal of National Academy of Education Administration, 2, 2015, 91–95 p.
- Marginson, 2011 – *Marginson, S.* Higher education and public good//Higher Education Quarterly, 65(4), 2011, 411–433 p.
- Ministry of Education of the People's Republic of China//Education Modernization 2035. <http://www.moe.gov.cn>
- Porter, 2004 – *Porter, M. E.* The Competitive Advantage of Nations//Free Press, 2004.
- Schumpeter, 1934 – *Schumpeter, J. A.* The Theory of Economic Development//Harvard University Press, 1934.
- Tsinghua University Historical Materials Compilation Group. A History of Tsinghua University//Tsinghua University Press.
- Xi, 2021 – *Xi, J.* Important speech during an inspection tour of Tsinghua University//Beijing: Chinese Government. <http://www.gov.cn>
- Xi, 2021 – *Xi, J.* Uphold and strengthen the Party's overall leadership without wavering//Qiushi, 18, 2021, 4–5 p.
- Xinhua News Agency. (2014, October 15) – The General Office of the Central Committee of the Communist Party of China issued the Opinions on Upholding and Improving the President Responsibility System under the Leadership of the Party Committee in Ordinary Higher Education Institutions. http://www.moe.gov.cn/jyb_xwfb/s5147/201410/t20141015_176026.html
- Xinhua News Agency. (2021, April 19) – Xi Jinping emphasizes adherence to the goals and direction of building world-class universities with Chinese characteristics during his inspection at Tsinghua University. http://www.qstheory.cn/yaowen/2021-04/19/c_1127348969.htm
- Yang, 2016 – *Yang, R.* China's strategy for the internationalization of higher education. Frontiers of Education in China, 11(2), 2016, 151–162 p.

Zhang & Liu, 2022 –Zhang, W., & Liu, B. Educational soft power in an era of global competition: Connotations, challenges, and responses//Tsinghua Journal of Education, 1, 2022, 87–95 p.

^{*1} Мәсімханұлы Д., ²Кудьяров Б.Б.

^{1,2} Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

²Казахский национальный университет им.аль-Фараби, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹ duken.masimhan@gmail.com, ²Baburbek.kudyarov@gmail.com

«МЯГКАЯ СИЛА» В СИСТЕМАХ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ ВОСТОКА И ЗАПАДА: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ КИТАЙСКОЙ МОДЕЛИ

Аннотация. Понятие «мягкой силы» в системе высшего образования Запада сформировалось в результате длительной историко-культурной трансформации и на разных этапах приобретало различное содержательное наполнение. Задачами данного исследования являются характеристика основных этапов развития мягкой силы в западном высшем образовании, анализ ее функций как «культурной власти», «распространения ценностей», «стандартизации», «образовательного центра» и «установления норм», определение содержательной структуры мягкой силы китайского высшего образования, а также оценка ее влияния на международное образовательное пространство. В качестве методов исследования были использованы системный анализ, сравнительно-исторический анализ и структурно-функциональный подход. Данные методы позволили провести комплексное сравнение процессов развития западной и китайской моделей высшего образования. Научная новизна исследования заключается в рассмотрении мягкой силы китайского высшего образования не только как инструмента культурного влияния, но и как комплексной структуры, включающей культурную привлекательность, институциональные инновации, качественную конкурентоспособность и международное влияние. Кроме того, в качестве альтернативы гегемонистскому характеру западной модели предлагается теоретическое обоснование китайской модели, основанной на национальной специфике. Результаты исследования показывают, что мягкая сила западного высшего образования исторически была ориентирована на формирование и распространение универсальных стандартов. В то же время установлено, что китайская модель, опираясь на национальную специфику, сформировала собственную институциональную систему. Доказано, что мягкая сила китайского высшего образования является важным фактором, предлагающим мировой системе образования новые модели и направления развития.

Ключевые слова: высшее образование, образовательная цивилизация, мягкая сила, культурная привлекательность, институциональная инновационная способность, качественная конкурентоспособность, международное влияние.

^{*1}Massimkhanuly D. ²Kudyarov.B .B.

^{1,2} R.B.Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan

² Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹ duken.masimhan@gmail.com, ²Baburbek.kudyarov@gmail.com

“SOFT POWER” IN EASTERN AND WESTERN HIGHER EDUCATION SYSTEMS: A COMPARATIVE STUDIES ANALYSIS OF THE CHINESE MODEL

Annotation. The concept of “soft power” in the Western higher education system emerged as a result of a long historical and cultural transformation and acquired different substantive characteristics at various stages of its development. The objectives of this study are to identify the

main stages in the development of soft power in Western higher education, analyze its functions as “cultural authority,” “the dissemination of values,” “standard-setting consensus,” “an educational hub,” and “norm-setting,” determine the substantive structure of China’s soft power in higher education, and assess its influence in the international education space. The study employs systems analysis, comparative historical analysis, and structural-functional approaches. These methods make it possible to conduct a comprehensive comparison of the development of Western and Chinese higher education models. The novelty of the study lies in examining China’s higher education soft power not merely as a form of cultural influence, but as a comprehensive structure consisting of cultural attractiveness, institutional innovation, qualitative competitiveness, and international influence. Furthermore, as an alternative to the hegemonic nature of the Western model, the study proposes a theoretical foundation for a Chinese model based on national identity and distinctive characteristics. The study finds that soft power in Western higher education has historically been oriented toward the establishment and expansion of universal standards. In contrast, the Chinese model has developed its own institutional system based on national characteristics. It is demonstrated that China’s higher education soft power represents an important factor offering new models and directions for the development of the global higher education system.

Keywords: higher education, educational civilization, soft power, cultural attractiveness, institutional innovation capacity, qualitative competitiveness, international influence.

Авторлар туралы мәлімет:

Мәсімханұлы Дүкен – филология ғылымдарының докторы, профессор, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының Бас директоры

Кудьяров Бабурубек Базарбайұлы – PhD докторанты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Сведения об авторах:

Масимханұлы Дукен – доктор филологических наук, профессор, Генеральный директор Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова

Кудьяров Бабурубек Базарбайұлы – PhD докторант, Казахский национальный университет им.аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Information about authors:

Masimkhanuly Duken – Doctor of Philological Sciences, Professor, General Director of the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenova

Kudyarov Baburbek Bazarbayuly – PhD doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*Келін түсті 28 маусым 2026 жыл
Қабылданды 20 тамыз 2026 жыл*